

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы

С. Дауешова

«15.» 01 2015 ж.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТЕРІ АРАСЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН «ҮЗДІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯ» ҚАЛАЛЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Астана қаласының техникалық және кәсіптік ұйымдарының педагогтері арасында өтетін «Үздік педагогикалық идея» қалалық конкурсын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру мен өткізудің мақсатын, міндеттерін, тәртібін айқындайды;

1.2. Байқаудың мақсаты:

- педагогтердің тиімді педагогикалық тәжірибесін жинақтау және тарату.

Міндеттері:

- табысты идеяларды, оқыту және тәрбиелеу технологияларын анықтау;

- колледж педагогтерінің кәсіби, шығармашылық, тұлғалық әлеуетін дамытуға және іске асыруға көмек көрсету;

- ТжКБ педагогтерінің кәсіби шеберлігін арттыру.

1.3. Конкурсты ұйымдастырушылар: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.

II. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

2.1. Байқауға қатысушылар - меншік нысанына қарамастан, Астана қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері.

2.2. Әр қатысушы байқауға тек бір жұмыс ұсына алады.

2.3. Байқау тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

2.4. Өткізу нысаны - онлайн.

2.5. Байқауға өтінімді ұсынған қатысушы, өтінімдерді ресімдеу және беру қағидаларына қойылатын талаптарды қоса алғанда, осы Ережемен келіседі.

III. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Байқауға жалпы басшылықты Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады.

Ұйымдастыру комитетінің функциясына мыналар кіреді: байқауды дайындауға және өткізуге жалпы басшылық жасау, қазылар алқасының құрамын қалыптастыру, қорытынды есебі мен хаттамасын жасау.

Қазылар алқасы сараптамалық бағалау жүргізеді және байқаудың қорытындысын шығарады, жеңімпаздарын анықтайды.

3.2. Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Исина Н.С. - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ТЖКБ бөлімінің әдіскері, тел. 8 (701) 6447318;

- Есенбекова А.Е. - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ТЖКБ бөлімінің әдіскері, тел. 8 (701) 2208197;

- Жанұзақ А. Ж. - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ІТ және баспа бөлімінің әдіскері

3.3. Байқаудың өтінімдері мен материалдары (№1 қосымша) **2025 жылдың 18 ақпанына дейін** мына электрондық мекенжайға қабылданады: n.isina@astana-modern.edu.kz.

Өтінім және конкурстық материалдармен бірге төлем туралы чекті жіберу қажет (3 мың тг.).

Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген материалдар қабылданбайды.

3.4. Байқау жұмыстарының сараптамасы - **2025 жылғы 19-24 ақпан аралығында.**

3.5. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау - **2025 жылғы 27 ақпанда** (офлайн) өтеді.

4. Конкурс номинациялары:

1) Шеберханадағы үздік бейнесабак.

Өтінімде бейнесабакты көру үшін YouTube арнасының сілтемесін және сабақтың әдістемелік әзірлемесін (сабақ жоспарын) қоса көрсету қажет. Сабақтың максималды ұзақтығы - 15 мин.

Бағалау критерийлері:

- сабақта оқытудың белсенді әдістерін қолдану (0-10 б.);
- практикалық дағдыларды қалыптастыру бойынша өзіндік жұмысты ұйымдастыру (0-10б);
- АКТ және цифрлық технологияларды пайдалану (0-10 б.);
- бағалау әдістері мен құралдарын қолдану (0-10 б.);
- шеберхана мен жабдықтарды ұтымды пайдалану (0-10 б.);
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу (0-5 б.);
- педагогтің сөйлеу және мінез-құлық мәдениеті (0 - 5 б.).

2) Үздік инновациялық бейнесабак.

Өтінімде бейнесабакты көру үшін YouTube арнасының сілтемесін және сабақтың әдістемелік әзірлемесін (сабақ жоспарын) қоса көрсету қажет. Сабақтың максималды ұзақтығы - 15 мин.

Бағалау критерийлері:

- сабақта оқытудың заманауи технологияларын қолдану (0-10 б.);
- оқу материалын берудің әдістемелік тәсілдерінің өзіндік ерекшелігі (0-10 б.);
- функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған сабақтың әдістері мен материалдарын қолдану (0-10 б.);
- оқу-зерттеу және өзіндік жұмысты ұйымдастыру (0-10 б.);
- сабақта АКТ және цифрлық технологияларды қолдану (0-10 б.);
- бағалау әдістері мен құралдарын қолдану (0-10 б.);
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу (0-5 б.);
- педагогтің сөйлеу және мінез-құлық мәдениеті (0 - 5 б.).

3) Үздік креативтік сабақтан тыс іс-шара.

Өтінімде сабақтан тыс іс-шараны көру үшін YouTube арнасының сілтемесін және сабақтан тыс шараның әдістемелік әзірлемесін (сабақтан тыс шараның жоспарын) қоса көрсету қажет. Сабақтан тыс шараның максималды ұзақтығы-15 мин.

Бағалау критерийлері:

- сабақтан тыс іс-шара тақырыбының өзектілігі (0-10 б.);
- өткізудің қазіргі заманғы нысандарын пайдалану (0-10 б.);
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу (0-10 б.);
- студенттердің қатысуы (0-10 б.);
- сабақтан тыс іс-шараны безендіру эстетикасы (0-10б.);
- сабақтан тыс іс-шараға қатысушылардың сөйлеу және мінез-құлық мәдениеті (0 - 10 б.).

4) Өз ісінің үздік маманы.

Өтінімге педагогтің соңғы 3 жылдағы ғылыми-әдістемелік, кәсіби, тәрбиелік, қоғамдық

және басқа да қызметтердегі жетістіктері бар слайдтар қоса берілуі керек. Байқауға 10 слайдтан артық емес презентация ұсыну қажет.

Бағалау критерийлері:

- ғылыми дәрежесі (магистр - 2 б., ғылым кандидаты (PhD) - 3 б.);
- педагог қызметін тану (ведомстволық наградалар - 5б., Грамоталар, Алғыс хаттар және т. б. (әрбір деңгей бойынша біреуі ескеріледі: қалалық - 2 б., республикалық - 3б., халықаралық - 4 б.);
- педагог жұмысының тәжірибесін тарату және жалпылау: авторлық жұмыстың болуы (қалалық деңгейдегі хаттамалар - 2 б., республикалық деңгейдегі - 3б., халықаралық деңгейдегі - 4 б.);
- педагогтің семинарлар мен конференцияларда сөйлеуі әр деңгейден бір - бірден ескеріледі (қалалық - 2 б., республикалық-3б., халықаралық- 4 б.);
- педагогтің жарияланымдары. Әр деңгейден біреуі ескеріледі (қалалық - 2 б., республикалық - 3б., халықаралық - 4 б.);
- педагог пен студенттердің жетістіктері (қалалық - 2 б., республикалық - 3б., халықаралық - 4 б.) әр деңгейдің біреуі ескеріледі;
- педагогтің тәрбие жұмысы: волонтерлік қызмет, қайырымдылық іс - шараларға, әлеуметтік жобаларға қатысу, «Оқуға құштар колледж» және т. б. (деңгейі: қалалық - 2 б., республикалық - 3 б., халықаралық - 4 б.);
- педагогтің сараптамалық топтарға қатысуы (қалалық деңгейде - 2 б., республикалық деңгейде - 3 б., халықаралық деңгейде - 4 б.);
- талаптарға сәйкестік және материалды ұсыну эстетикасы - 5 б.

Ескерту:

1. Педагогтер мен студенттердің жетістіктері Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен конкурстардың, ғылыми жобалардың (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың бекітілген тізбесіне және оларды іріктеу өлшемшарттарына сәйкес ескерілетін болады.

ҚР БҒМ министрінің №514 бұйрығы (07.12.2011 ж. жаңа редакцияда - ҚР ОАМ м.а. 07.08.2023 № 248 бұйрығымен, Астана қаласы Білім басқармасы басшысының 08.12.2023 ж. № 2554 бұйрығы, 07.11.2024 ж. № 2195 бұйрығы).

2. Конкурстық материалдарға растайтын құжаттарды ұсыну қажет (Дипломдар, сертификаттар, бұйрықтар және т.б.).

3. Соңғы 3 жылдағы «Үздік педагог», «Үздік өндірістік оқыту шебері» республикалық және қалалық конкурстарда жүлделі орындарға ие болған педагогтердің конкурстық материалдары қабылданбайды.

5) **Әлеуметтік желілердегі үздік педагогикалық қызмет.** Өтінімде педагогтің жеке әлеуметтік каналының, парақшасының сілтемесі көрсетілуі қажет.

Бағалау критерийлері:

- мазмұнды жаңарту жиілігі (0-10 б.);
- оқу материалын берудің қысқалығы мен тереңдігі (0-10 б.);
- креативтілік (0-10 б.);
- аудиториямен жұмыс істеудің әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану (0 - 10 б.);
- белсенділік және кері байланыс алу (0-10 б.);
- интернет-кеңістіктегі педагогикалық және тұлғалық қабілеттердің көрінісі (0-10 б.).

4.1. Қатысушылардың байқау материалдары рецензияланбайды, қайтарылмайды.

V. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ.

5.1. Байқаудың жүлделі орындарын номинацияларға және жинаған балдар санына сәйкес бөлу.

5.2. Байқау жеңімпаздары 1, 2, 3 дәрежелі дипломдармен марапатталады.

5.3. Байқау қатысушыларына сертификаттар беріледі.

5.4. Конкурс нәтижелерінің хаттамасы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern> сайтында орналастырылады.



**Астана қаласы техникалық және кәсіптік ұйымдары
педагогтері арасында өткізілетін «Үздік педагогикалық идея»
қалалық конкурсына қатысуға
ӨТІНІМ**

№	Қатысушының Т.А.Ә.	Колледж атауы	Лауазымы	Номинациясы	YouTube арнасының, әлеуметтік желінің сілтемесі	Байланыс телефоны
1						
2						

Ескерту: байқау материалдарына өтініммен бірге төлем туралы чек тіркелуі қажет.

Өтінім беру күні « ____ » _____ 2025 ж.

Т.А.Ә. және қолы _____

Төлем реквизиттері (төлем қатысушының атынан жіберілуі керек)

Мекеменің атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖСН/БСН: 070540006188

ЖСК: KZ42722S000006089425

БСК: CASPKZKA

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Қабанбай батыр көш. 33

КБЕ: 16

